

**Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «облыстық мәдени-сауық және шығармашылық ғылыми-әдістемелік орталығының» КМҚК және «Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК арасындағы өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «облыстық мәдени-сауық және шығармашылық ғылыми-әдістемелік орталығының» КМҚК атынан **мекеме басшысы Г.Д.Жолашарова**, мекеме жарғысының негізінде әрекет ететін, бұдан былай «Халық шығармашылығы орталығы» деп аталатын, бірінші тараптан және

«Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК атынан **мекеме басшысы Ж.А.Аманбеков**, мекеме жарғысының негізінде әрекет ететін, бұдан былай «Музыкалық колледж» деп аталатын екінші тараптан, одан әрі «Тараптар», мәдениет саласында ортақ мақсаттарының болуына байланысты ынтымақтастықтың келесідей негізгі принциптері бойынша келісім жасасты:

1 бап

Меморандумның мақсаты өнер және мәдениет жұмыстары саласында тәжірибе алмасу, мәдениет қызметкерлері, мәдени орталық мүшелері мен білім беру мекемелерінің студенттерімен және оқушыларымен тәжірибе алмасуы бойынша ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

2 бап

Меморандумның негізгі мақсаты - Тараптардың мәдениет саласын, оның ішінде халық шығармашылығын дамыту бойынша екіжақты ынтымақтастық, сондай-ақ бағыттары мен өзара қарым-қатынас болып табылады.

Тараптар тәжірибе алмасу, құқықтық ақпарат, кадрларды даярлау саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3 бап

Тараптар ынтымақтастығы Тараптар арасындағыдай, олардың жеке құрылымдары мен бөлімшелері арасында да немесе екі жаққа да қолайлы үлгіде нақты қызметкерлермен және/немесе студенттерімен іске асырылатынына келіседі.

4 бап

Тараптардың өзара қарым-қатынас бойынша басым бағыттары болып табылады:

- мәдениет, халық шығармашылығы және өзге де мәдениетке қатысты салалардағы зерттеу және тәжірибе алмасу;
- бірлескен ғылыми жобаларға, халықаралық, республикалық, облыстық, өңірлік мәдени іс-шараларға қатысу, олардың нәтижелерін жариялау;
- мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге өзара әрекет ету, әр түрлі іс-шараларда, оның ішінде концерттер, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, марапаттау рәсімдері, сахналық қойылымдар, спектакльдер, дефиле көрсетілімдері бойынша ынтымақтастық;
- бағдарламалар, көп жақты қатынастар мен байланыстар шеңберінде жалпы іс-шараларға тиісті ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу, іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысу және өзара қолдау;

5 бап

Тараптар бірлескен іс-шаралар бойынша ынтымақтастық шарттарын анықтау үшін жекелеген бағыттар мен жобалар бойынша жоспарлар құруы мүмкін.

6 бап

Осы Меморандумның ережелері Тараптардың келісімі бойынша өзгертуге және толықтыруға жатады.

7 бап

Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы жарамды болып есептеледі.

Меморандумның мерзімін ұзарту үшін Тараптар Меморандумның бітетін уақытынан үш ай бұрын жазбаша түрде бір-біріне ескерту керек.

Тараптардың біреуі Меморандумды бұзуға ниет етсе, қарсы жаққа бір ай бұрын ескертуі керек.

9 бап

Меморандум екі данада, көшірмелерімен, қазақ тілінде жасалынған. Барлық дананың тең заңды күші бар.

10 бап

Өзара ынтымақтастық туралы Меморандум ережелерін қолдану немесе түсінуде туындайтын барлық келіспеушіліктер мен көзқарастар бейбіт жолмен Тараптар арасында кездесулер мен кеңестер өткізу арқылы реттелуі қажет.

**Ұлытау облысының мәдениет,
тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасының «облыстық
мәдени-сауық және шығармашылық
ғылыми-әдістемелік орталығының»
КМҚК**

100600, Жезқазған қ.
Алашахан даңғылы, 3 ғимарат
БСН 230140019030
тел.: 8 (7102) 733293
E-mail: ulitau_onmc@mail.ru

**Ұлытау облысы білім басқармасының
«Жезқазған музыкалық колледжі»
КМҚК**

100600, Жезқазған қ.
Байқоңыров көшесі, 17 ғимарат
БСН 000440000579
тел.: 8 (7102) 90-34-92.
E-mail: muz-zhez@edu.kz

Басшы

Г.Д. Жолашарова



Г.Д. Жолашарова

Басшы

Ж.А. Аманбеков



Ж.А. Аманбеков